

ӨОЖ 821. 512. 122 (091)

К. Абдихалык

Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті, Қазақстан Республикасы, Алматы қ.

E-mail: kun_jan.16@mail.ru

Экология тақырыбына негізделген Мағжан өлеңдерінің басты идеясы

Бұл мақалада қазіргі экология тақырыбына жатқызылып жүрген М.Жұмабаевтың «Айда атыңды, Сәрсембай», «Шойын жол», «Жазды күні қалада» деген өлеңдері сөз етіледі. Бұл өлеңдерінен Мағжанның айтпақ ойының негізгі түйіні шешіліп, астарлап берген сөздерінің мәнісі ашылады. Экологиядан бұрын, елінің саяси-әлеуметтік жағдайы басым жатқандығы анықталып, акынның негізгі идеясы жан-жақты зерделенеді. Тарихи деректер мен мағжантанушылардың пікірлері негізге алынып, өлеңнің идеялық мазмұны жүйелі талданады. Мұнда ашаршылық тауқыметінен айыға қоймаған қазақ жұртының бейнесінің сомдалғаны да алғаш қарастырылады.

Түйін сөздері: мидай дала, экология, тұспалды, замана, рухани, бейнелі, болжау, саясат, әлеуметтік мәселе, астарлы сөз.

K.Abdixalik

Ecological theme is that reasonable main idea in poetries of Magjan

In this article are considered M.Zhumabayev's poems «Aida atyndy», «Sarsenbay», «Shoyn Jol», «Zhazdy kuni kalada» which was written on environmental issues. In this article is opened hidden subtext of these works. Revealed that the socio-political position of people more important than environmental issues. The main idea is comprehensively analyzed. The ideological content of the poems are analyzed with the help of taking historical information and opinions investigators of Magzhan Zhumabaev. Also considered the creation of people's image, still reeling from hunger.

Keywords: wide steppes, ecology, hidden text, period, spiritual, imaginative, suggestion, politics, a social problem, an ambiguous word.

К. Абдихалык

Экологическая тема как главная идея поэзии Магжана Жумабаева

В статье рассматриваются написанные на экологическую тему стихотворения М.Жумабаева «Айда атыңды, Сәрсенбай», «Шойын жол», «Жазды күні қалада». Раскрывается скрытый подтекст названных произведений. Выявлено, что на первый план выходит не экологическая тематика, а социально-политическое положение народа. Всесторонне анализируется основная идея автора. Взяв за основу исторические сведения и мнения магжановедов, системно анализируется идейное содержание стихотворений. Также впервые рассматривается вопрос о создании образа народа, еще не оправившегося от голода.

Ключевые слова: широкая степь, экология, скрытый текст, эпоха, духовный, образный, предположение, политика, социальная проблема, двусмысленное слово.

Мағжан Жұмабаевтың сары даласын сағына жырлаған өлеңдерінен сыр ұққанда, оның өз ұлтының қамын жеген акындық тұлғасының да биіктей түсетініне көз жеткіземіз. Қазақ даласын жырға қосқан шығармаларының ішінен «Жазды күні қалада», «Айда атыңды, Сәрсембай» сияқты өлеңдері қазіргі уақытта экология тақырыбына жатқызылып жүр. Мәселен,

мағжантанушы Ш.Елеуенов «Тақырыптық жағынан Мағжанның әдебиетімізге, қала берді әлем поэзиясына енгізген жаңалығы – экология тақырыбы. Бұны өмір жыры етіп алғаш жырлағандардың бірі осы өзіміздің қазақ ақыны («Жазды күні қалада», «Айда атыңды, Сәрсембай», «Шойын жол») – Мағжанның поэзиялық бағынан философиялық лириканың

шоң шынарын кезіктіреміз» [1,6 б.] деген пікір айтады. Олай болса, М.Жұмабаевтың «Жазды күні қалада», «Айда атыңды, Сәрсембай», «Шойын жол» өлеңдерінің басты идеясына назар аударайық.

Ақынның «Жазды күні қалада», «Айда атыңды, Сәрсембай» өлеңі туралы алғаш Ж.Аймауытовтың «Мағжанның ақындығы туралы» мақаласында сөз етіледі. «Мағжан қала тұрмысынан жиренеді, қалаға қанағат ете алмайды, табиғатты, даланы жақтайды. «Қала өнер-білім қайнаған жер, жемісі қызыл гүлі жайнаған жер» болса да, ақынның «тәні рақат, жаны шат» болып жүре алмайды. Өйткені «қаланың жыбырлаған жаны, дем ала алмайтын шаңы, еркіндікпен жүргізбейтін заңы» бойын жаздырмайды. «Кең далада, қалың орман, ну тоғай, шалқар көл, самал жел, сары қымыз, сұлу қыз» есіне түседі. Өмірдің сұлуы – «дүниенің ұжмағы» дала сияқты көрінеді» деп алдымен ақынның «Жазды күні қалада» өлеңін осылайша талдаса, одан әрі «Сәрсенбайға атты айдатып, шу-шулеп қаладан шыққанша асығады.

Қала бір жатқан дәу пері.
Айналасы тұман, түн,
Дем алысы от-түтін.
Жарқ-жұрқ етер көздері.
Қаланың әйелдері күнде сүйгіш опасыз:
Жүздерінің қаны жоқ,
Көздерінің жаны жоқ,
Еркектері перілер.
Оларда отты жүрек жоқ.
Тамақтан басқа тілек жоқ.
Сәрсенбай-ау, сен неге
Шырқап бір ән салмайсың? –

деп кеңдікке, еркіндікке шығып жаны сая табады...» дей келе, «Қаладан жиреніп дала қашса да, Мағжан қаланың мәдениетінен қаш деп айта алмайды. Жек көрген қала – мәдениет ошағы, жақсы көрген елі – надандықтың ұясы...» [2] деп ой түйеді Ж.Аймауытов. М.Жұмабаевтың осы екі өлеңі де идеялық мазмұны жағынан бір-біріне сабақтасып жатыр. Алғашқы өлеңінде қала мен даланы салыстырып, аңсаған даласын мақтаса, екінші өлеңінде қаладан не үшін безетіндігін айтып қана қоймай, сағынған даласына асыққанын жырға қосады.

Ақынның «Жазды күні қалада» өлеңінде жаздыгүнгі қаланы емес, даланы суреттеу басым. «Қала, рас, өнер-білім қайнаған жер, Тұтқын ғып надандықты байлаған жер» [3,40

б.] деп қаланың артықшылығын асыра бағаласа да, сол қаланың «жыбырлаған жанын» да, «қолайсыз тар заңын» да ұнатпай, қысқасы, еркін жүре алмайтындығын мәлімдейді. Ал даланың артықшылығын «Шалқар көл, қалың орман, ну тоғайлар, Жайнаған түрлі гүлмен кең-кең сала...» деп жіпке тізгендей баяндайды. «Білмеймін, дала естен шығар ма екен, Даласыз көңіл шіркін тынар ма екен?!» деген ақынның енді «Айда атыңды, Сәрсембай» өлеңінде бір сәтте болса есінен шығармаған ауылына асығып бара жатқанын байқаймыз.

Сарыарқамның топырағы –
Менің жаным шырағы,
Кеудемді тосып жатамын...

деген өлең жолдарынан елінің «жібек желі, каусар көліне» дейін сағынғаны соншалықты мауқын басуға асығып бара жатқан сар даланың перзенті көз алдына елестейді.

Қалаға келіп қаңғырдым,
Сар даламды сағындым,
Айда атыңды, Сәрсенбай!

Мағжанның бұл өлеңіндегі айтпақ ойының негізгі түйіні де осы. Яғни, сар даласын сағыну. Сол сар даласына деген құрмет ақынды қаладан безіндіреді де. Даласын қалай сағынғанын жеткізуде ақын қаланың кемшіліктерін де тізбектеп өтеді. Алдымен «Өттең ғана бұл оқу! Келмес едім қалаға» деп алдыңғы өлеңіндегідей қаланың несімен артық, яғни, «Жек көрген қала – мәдениет ошағы» екендігін естен шығармайды. Содан соң қаланы «дәу періге» теңеп, оның экологиясы туралы «Айналасы – тұман, түн, Дем алысы – от-түтін... Сасық иіс ауыр тым» деп сипаттап, тіпті одан тұншығатынын айтады. Қаланың табиғатымен қоса, тұрғындырының іс-әрекеті де ақынға ұнамайды.

Оларда отты жүрек жоқ.
Тамақтан басқа тілек жоқ.
Қорсылдаған «доңыздар», –

деп ащы мысқылмен түйреп өткенде, қаладағы өзге ұлттың «қорсылдаған «доңыздарын» айтып отырғаны бәрімізге аян.

«Шойын жол» өлеңіне келсек, алдымен бұл шығарма туралы ақынның көзі тірісінде айтылған пікірлерге тоқтала өткен жөн. С.Мұқановтың «XX ғасырдағы қазақ әдебиеті»

(1932) деген еңбегінен М.Жұмабаевтың «Шойын жолы» Түріксіб пен Ақмола темір жолына байланысты шыққанын аңғарамыз. Сондай-ақ өлеңге қарсы пікір білдірген мәліметті, яғни, «Бұл туралы жолдас Бухарин комсомолдардың сегізінші одақтық съезінде былай деген:

«Қазақ ақыны Жұмабаев көркем сөзбен Қазақстанда шойын жол жүргізуге қарсы болды. Ондағы дәлелі шойын жол даласына бұзықтық, жаңа жұқпалы аурулар әкелді дейді. Шойын жолдың бұлай істеген уақыты болды. Бірақ, қазір шойын жол ауруы көп Қазақстан сияқты көшпелі, мәдениетсіз елге ауру апармайды, ауруға дәрі апарайды» [4,216-217 бб.] дегенді кездестіреміз. Сондай-ақ бұл өлеңнің кезінде саяси қуғын-сүргінге көп түскенін мағжантанушы Ш.Елеукуновтің: «Мағжан темір жолға қарсы деп, Бухаринге жамандатып жүрген де осы Голощекин бе деп ойлайсың. Өйткені Қызылорда қаласында өткен партия активі жиналысында Филипп Исаевич Мағжанның «Шойын жол» өлеңі туралы мынадай пікір айтты: «Мен бұған дейін қазақтардың арасында Түркістан-Сібір темір жолына қарсыласар бар дегенге сенбей келіп едім. Міне, енді өлеңді оқығанда ондайлардың бар екеніне анық көз жеткіздім, бұл олардың «буржуазияшыл» теріс түсінігі шырмауынан шыға алмай отыруларынан деп есептеймін» (Алматы ақшамы газеті, 1990 жыл, 17 тамыз). Әрине, Мағжанның «Шойын жолын» Филипп Исаевич атанған Шая теріс оқыды. Мағжанның алысты болжайтыны, парасаты неше Голощекинді орап алатыны осы өлеңі арқылы тағы да көрінеді. Мағжанның темір жол тигізетін зардаптардың алдын алу керектігіне назар салып отырғанына білімі шала-шарпы Голощекин байғұс қалай көз жеткізе алсын...» [5,80 б.] деген пікірінен де білуге болады.

Жалпы, ақынның 1924 жылы жазылған осы «Шойын жол» өлеңі экология тақырыбындағы өлеңдер қатарына жатқызылып жүр. Алайда, бұл өлеңде экологиядан бұрын, елінің саяси-әлеуметтік жағдайы басым жатқаны байқалады. Тіпті, мұнда табиғаттың, ауаның ластануы туралы түсініктің ұшқыны да жоқ. Өлеңнің өн бойынан ел өміріне жаңадан енген тосын жайтқа қазақтардың қалай қарайтынына және ауыл тіршілігіне алаңдаған ақын мұңын аңғарамыз.

Өлеңде ең алдымен ауыл мен қала арасын жалғау үшін салына бастаған шойын жолдың талай жыл қаржы болмай тоқтап қалғандығы, оған елеңдеген ақынның елге баратын інісінен соның

жайын білгісі келетіні сөз етіледі. Одан әрі

Басқан анау жол жайын,
Басылған анау ел жайын,
Әдейі көріп қайтқайсың [3,75 б.],—

деп ел тағдырын күйттеген ақын сырына куә боламыз. Осы екінші шумақта кездесетін жолдарды өлеңнің соңғы он төртінші шумағында қайталап беруінің мәнісі де тегін емес. Өйткені «басқан жол», «басылған ел» жайы ақынды қатты толғандырады.

Қара айғыры ырсылдап,
Қара табан қорсылдап,
Елді басып өтіп пе? —

деп шойын жол арқылы өтетін паравоз, вагондарды ырсылдаған қара айғырға балайды. Ал «қорсылдаған қара табандардың» табиғатқа әсерін «Солқылдатып белдерін, Толқынлатып көлдерін, Ұшқын бүркіп кетіп пе?» деп суреттей келе:

Бұла қырдың бұланы,
Қазағымның құланы,
Жылқы үркіп кетіп пе? —

деп әрі қарай сиыр мен қойдың тұрысын сипаттап, тыныштық мүлгіген далада арсыл-күрсіл даусымен азан-қазан күйге түсірген поездға адам түгіл жан-жануарлардың да үрке қарайтынын жасырмайды. Сондай-ақ қарапайым ауыл адамдарының да осы өзгеріске қалай қарайтынын молынан бейнелеп өтеді. «Өзі ыржыңдап, айқайлап, Көк шолағын борбайлап, Қойшы қатар шауып па? Шапқан күйде ыржиып, Ат-матымен тырқиып Топырақты қауып па?» деп қой баққан қойшының да, «Азан-қазан ауыл жак, Қыз-қатыны дабырлап, Бірін-бірі түртіп пе? «Сұмдық екен, ойбай-ау, Ойбай, көтек, бетім-ау!» Деп беттерін жыртып па?» деп үйдегі қыз-келіншектердің де тосырқай қарайтынын әдемі де шынайы жеткізеді.

Одан әрі ақын сол шойын жолға үйренісе бастаған елдің күйін көз алдына елестетіп, «Қолында мал бар ма екен? ...Қабы толған дән бе екен?» деп ел-жұртының жағдайына алаңдаушылық танытады.

Екеуінің бірі жоқ,
Қалың қайғы, ойға тоқ...
Қайран ел тозып жүр ме екен?

Кемпір, шал, бала, азамат,
Станция біткенді аралап,
Көзін сүзіп жүр ме екен?—
деп ең сорақы күдігін де жасыра алмайды.
Сұр кетіп жұрттың жүзінен,
Сары қымыз көзінен,
Бір-бір ұшып жүр ме екен?
«Қымызды жасық су ғой...» — деп,
Ендігі жас жеткіншек
Ащы су ішіп жүр ме екен?

Жастардың қымыз орнына ащы су ішіп
кетпеуін, өз ұлтының бойындағы асыл қасиетінен
алыстамауын қалаған ақынның рухани
болмысынан да хабардар боламыз.

Кешегі маңғаз бәйбіше,
Қолында құрттай бір кесе,
Қатық сатып жүр ме екен?
Сорлының жанын жаралап,
Саудалап тұрған бір сары ит
Қалжыңдап, шатып жүр ме екен?!

Осы өлең туралы Батырхан Дәрімбет «Өзінің
ұлттық қасиетінен айырыла бастаған қазақтың
шойын жолды жағалап қатық сатып, көзін
әркімге сүзіп жүрген суреті де көз алдына келеді.
«Еділдің сағасында» орыспен араласа бастаған
батыс қазақтарының сүреңсіз кейпі келеді» [6,10
б.] деген өз пікірін білдіреді. Алайда, бұл ара-
да ақын не себепті кешегі маңғаз бәйбешенің
бүгінгі сорлы кейпін, жанын жаралайтындай
оған қалжың айтып тұрған «сары итті» көз ал-
дына елестетеді екен? Өлеңнің соңғы жолдарына
назар аударайық.

Алпыстағы аналық
Сатарына заты жоқ,

Көзін сатып жүр ме екен?
Көзін сатса, дариға,
Жанында бір қыз бала...
Қызын сатып жүр ме екен?

Мінекей, осы өлең жолдарының бәрі де
«басылған елдің» жайынан хабардар етілгендей.
Ал елді «басқан анау жол» деп ақын нені
меңзегендей еді? Голщекиннің «Кіші Қазан»
саясатының кесірінен 1921-1922 жылдары
аралығында қазақ даласына ауыр зобалаң, естен
кетпес қайғылы оқиға ашаршылық келгенін
тарихтан білеміз. Осы аштық та асау елді ба-
сатын бірден-бір жол еді. Бұл жылдардағы
қолдан туғызылған аштықтың зардаптары
ақынның есінен кете қоймағаны осы өлеңінде
аңғарылғандай. «Сатарына заты жоқ» адамның
қалай күнелтетінін айтқанда, «Қызын сатып жүр
ме екен?» деп ауыр да болса ащы шындықты жа-
сырып қала алмайды. Ашаршылық тауқыметінен
айыға қоймаған қазақ жұртының бұл бейнесі
бүкпесіз шынайы берілген. Жалпы, ақын бұл
өлеңінде шойын жолды суреттеген болып
қазақтың ауыр халін бедерлеуге ұмтылады.

Қорыта келгенде, ел дегенде еміренетін
ақындарымыздың бірі Мағжан Жұмабаев қай
тақырыпты сөз етсе де ұлтының тағдырын бір
сәтте болса есінен шығарған емес. Сондықтан
болар сары даласын, ауыл өмірін жырлағанда
ерекше күйге бөленіп, одан асқан әсемдік
пен тазалық жоқтай көркем суреттейді. Бұл
тақырыптағы өлеңдерінен тұспалды ойларды
ашуға бет бұрғанда ең алдымен ұлт қамын көп ой-
лайтын адал қасиетімен айрықша бағаланатыны
да сөзсіз.

Әдебиеттер

1. Елеукунов Ш. Мағжан: М.Жұмабаевтың шығармашылығы туралы // Қазақ. — 2006. — №6.
2. Аймауытов Ж. Мағжанның ақындығы туралы // Жас Алаш. — 2011. — 18 тамыз.
3. Жұмабаев М. Көп томдық шығармалар жинағы. 2- том. — Алматы: Жазушы, 2008.
4. Мұқанов С. XX ғасырдағы қазақ әдебиеті. — Алматы: Атамұра, 2008.
5. Елеукунов Ш. Мағжан. — Алматы: Санат, 1995.
6. Батырхан Дәрімбет. Мағжан және коммунистік идеология // Жас Түркістан. — 2001. — №1. — 6-13 бб.

References

1. Eleukenov SH. Magjan. Jumabaevtin shigarmasiligi turali. - Kazakh. - 2006. - №6.
2. Aimautilov J. Magjannin akindigi turali // Jas Alash. - 2011. - 18 august
3. Jumabaev M. Kop tomdik wigarmalar jinagi. 2 tom. - Almaty: Zhuwi, 2008.
4. Mukanov S. Kazakhskaya literature XX vekov. - Almaty: Atamura, 2008.
5. Eleukenov W. Magjan. - Almaty: Sanat, 1995.
6. Batirkhan Darimbet. Magjan jane kommunistik ideologia. Jas Turkistan. - 2001. №1. - 6-13 b.